**Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына авторлық құқық және сабақтас құқықтар мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2026 жылғы 28 қаңтардағы № 84 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 29 қаңтарда № 37914 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Қолданысқа енгізілу тәртібін** 4-тармақтан **қараңыз.**

БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 1-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасы Әділет министрі* | *Е. Сарсембаев* |

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2026 жылғы 28 қаңтардағы
№ 84 Бұйрығына қосымша

**Қазақстан Республикасы Әділет министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 28 тамыздағы № 1315 " Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді және олардың өзгерістерін енгізу қағидаларын және оған мәліметтер мен олардың өзгерістерін енгізуді растайтын куәліктің нысанын бекіту туралы" ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17325 болып тіркелген) бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Заңының 9-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу қағидалары Қазақстан Республикасы Әділет министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарына осы тізбенің (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтердің енгізілгені туралы куәлік нысаны Тізбенің 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 19 наурыздағы № 105 " Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20153 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. "Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.";

"Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңына сәйкес әзірленді және "Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібін айқындайды.";

1-тармақтың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"11) құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу (бұдан әрі – аккредиттеу) – уәкілетті органның құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдардың өкілеттіктерін ресми түрде тану рәсімі;";

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйым осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес аккредиттеуден өту үшін ұсынатын мәліметтер нысаны.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі он бес жұмыс күнін құрайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі өтініш келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін өтініш беруші (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы қызмет көрсетушіге:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық түрде аккредиттеу алу туралы өтінішті жібереді.

Өтініш аккредиттеу жөніндегі комиссия отырысының өткізілетін күніне дейін кемінде он жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Құжаттарды қабылдау мерзімдері туралы ақпарат қызмет көрсетушінің интернет-ресурсында құжаттарды қабылдау басталғанға дейін кемінде жиырма жұмыс күні бұрын орналастырылады;

2) Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйым осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес аккредиттеуден өту үшін ұсынатын мәліметтер нысанын ұсынады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеуді жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – аккредиттеу жөніндегі комиссия) қорытындысы негізінде көрсетілетін қызметті беруші жүзеге асырады.

Аккредиттеу жөніндегі комиссияның құрамы мен ережесін көрсетілетін қызметті берушімен бекітеді.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі

ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметті корсетуге негізгі талаптар тізбесі) келтірілген.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) мемлекеттік көрсетілетін қызметті корсетуге негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қабылдау аяқталған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетуден мынадай негіздер бойынша бас тартады:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін , "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.

Ұсынылған құжаттардың толықтығы мен сәйкестігі қаралғаннан кейін, мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар мен мәліметтер тізбесінің 8-тармағына сәйкес, қызмет көрсетушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері оларды аккредиттеу жөніндегі комиссияның қарауына жібереді.

Тыңдалым туралы хабарлама мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын жіберіледі.Тыңдалым хабарлама жіберілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей өткізіледі.

Тыңдалым нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші аккредиттеу не аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Көрсетілетін қызметті алушыны тыңдау мерзімі аяқталғаннан кейін қызмет көрсетуші басшысының орынбасары бір жұмыс күні ішінде куәлікке немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешімге қол қояды.

Оң қорытынды болған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес үш жыл мерзімге аккредиттеу туралы куәлік береді.";

10-тармақ мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"10. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті алушының басшысының атына беріледі.";

15-1-тармақ мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"15-1. Осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде уәкілетті орган "электрондық үкіметтің" ақпараттық - коммуникациялық инфрақұрылым операторына, Бірыңғай байланыс орталығына тиісті нормативтік құқықтық актіні әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жолдайды.

Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушысының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы Мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.";

"Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларының 1-қосымша Тізбенің 3-қосымшасына сәйкес редакцияда;

"Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына 2-қосымша Тізбенің 4-қосымшасына сәйкес редакцияда;

"Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына 3-қосымша Тізбенің 5-қосымшасына сәйкес редакцияда;

"Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына 4-қосымша Тізбенің 6-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

3. "Туындыларды пайдаланудың кейбір түрлері үшін авторлық сыйақының ең төмен мөлшерлемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023

жылғы 22 маусымдағы № 400 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32874 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 4) тармақшасы алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы бұйрыққа қоса беріліп отырған авторлық сыйақының мөлшерлемелері туындыларды оларда белгіленген пайдалану түрлері үшін ең төмен болып табылады деп белгіленсін. Сыйақының мөлшерін, оны төлеудің тәртібі мен мерзімдерін тараптар авторлармен, олардың құқықтық мирасқорларымен не авторлардың құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйыммен жасалатын авторлық немесе лицензиялық шартта белгілейді".

4. "Орындаушыларға және фонограммалар шығарушыларға берілетін сыйақының ең төмен мөлшерлемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 401 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32873 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Орындаушыларға және фонограммалар шығарушыларға берілетін сыйақының ең төмен мөлшерлемелерінде:

"Фонограммаларды орындаушының және фонограмма шығарушының келісімінсіз жеке мақсатта қайта шығару" бөлімі алып тасталсын.

5. "Туындыларды пайдаланудың кейбір түрлері үшін авторлық сыйақының ең төмен мөлшерлемелерін қолдану жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 541 бұйрығы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33190 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Туындыларды пайдаланудың кейбір түрлері үшін авторлық сыйақының ең төмен мөлшерлемелерін қолдану жөніндегі нұсқаулықты:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бұйрықпен бекітілген авторлық сыйақының ең төменгі мөлшерлемелері пайдаланушы мен автордың, оның құқықтық мирасқорының немесе құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымның арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, қолданылады.";

8-тармақ алып тасталсын.

6. "Орындаушылар мен фонограммалар жасаушыларға ең төмен сыйақы мөлшерлемелерін қолдану жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 540 бұйрығы бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33187 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Орындаушылар мен фонограммалар жасаушыларға ең төмен сыйақы мөлшерлемелерін қолдану жөніндегі нұсқаулықта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.Тараптар сыйақы мөлшерін, оны төлеудің тәртібі мен мерзімдерін пайдаланушы орындаушылармен, фонограммаларды шығарушылармен, құқық иеленушілермен не құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдармен жасасатын лицензиялық шартта белгілейді.";

3 және 4-тараулар алып тасталсын.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
енгізілетін өзгерістер кейбір
бұйрықтарына тізбеге
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 28 тамыздағы
№ 1315 бұйрығына
1-қосымша

Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді және олардың өзгерістерін енгізу қағидалары

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді және оларға енгізілетін өзгерістерді енгізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 9-бабының 1-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді және олардың өзгерістерін енгізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) автор - шығармашылық еңбегімен ғылым, әдебиет, өнер туындысын жасаған жеке тұлға;

2) Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімі ( бұдан әрі – Тізілім) – авторлардың немесе құқық иеленушілердің өтініштері негізінде енгізілген авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтар туралы мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйе;

3) (автордың немесе құқық иесінің) жеке кабинеті – пайдаланушының (қаржы мониторингі субъектісінің) уәкілетті органның Интернет ақпараттық-телекоммуникациялық желісінде бөлінген байланыс арналарындағы, оның пайдаланушыларының (қаржы мониторингі субъектілерінің) уәкілетті органмен электрондық өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін профилі;

4) куәлік – Тізілімге мәліметтердің енгізілгенін растайтын құжат;

5) құқық иеленуші - авторлық құқыққа қатысты автор (оның мұрагерлері), сабақтас құқықтарға қатысты орындаушы (оның мұрагерлері), фонограммаларды жасаушы, эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымы, сондай-ақ шарт бойынша немесе " Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңында көзделген өзге де негіз бойынша туындыны және (немесе) сабақтас құқықтар объектісін пайдалануға айрықша құқық алған өзге де жеке немесе заңды тұлғалар;

6) көрсетілетін қызметті алушы – орталық мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар;

7) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі немесе олардың жиынтығы;

8) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын және авторлық құқық және сабақтас құқықтар саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

9) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;

10) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсететін орталық мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар.

## 2-тарау. "Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді және олардың өзгерістерін енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны – "Ұлттық зияткерлік меншік институты" (бұдан әрі – қызмет көрсетуші) көрсетеді.

4. Тізілімге мәліметтерді енгізуге негіз авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы өтінішті (бұдан әрі – өтініш) көрсетілетін қызметті алушының осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке өзі беруі немесе көрсетілетін қызметті алушының осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беруі немесе өзге өкіл арқылы нотариатта куәландырылған сенімхаттың электрондық көшірмесін ұсыну арқылы немесе заңды күшіне енген сот шешімі болып табылады.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) арқылы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес "Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді және олардың өзгерістерін енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды жолдайды.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің басқарма басшысы немесе басқарма басшысының орынбасары өтініш пен құжаттарды өтініш тапсырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде қызметкеріне жолдайды. Көрсетілетін қызметті берушінің басқарма қызметкері өтініш пен құжаттарды қарайды және мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету нәтижесін ресімдейді, ол көрсетілетін қызмет беруші басшысы тарапынан 1 (бір) жұмыс күні ішінде қол қойылады.

Басқарма басшысы немесе көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасары мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету нәтижесін келіседі.

7. Тізілімге мәліметтерді енгізу үшін көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыдан ақы алады, ол веб-порталдың жеке кабинеті арқылы уәкілетті органның www.adilet.gov.kz және көрсетілетін қызметті берушінің www.qazpatent.kz ресми интернет-ресурстарында орналастырылған авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу бөлігіндегі қызметтер бағаларына (бұдан әрі – Бағалар) сәйкес төленеді. Өтініш беруші төлем мөлшерін азайтуға негіз болатын құжаттың көшірмесін ұсынады.

Төлем көрсетілетін қызметті берушінің newcab.qazpatent.kz ақпараттық жүйесімен интеграцияланған екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен жүзеге асырылады.

Төлем мөлшерін азайту бойынша жеңілдіктер "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-2-бабының 2-тармағында көрсетілген келесі тұлғаларға беріледі.

8. Бөлек бірлескен авторлықта жасалған туындыларға авторлық құқықтар туралы мәліметтер кез келген бірлескен автор өз өтінішінде бұл туралы көрсеткен жағдайда Тізілімге бөлек енгізілуі мүмкін.

9. Осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде уәкілетті орган тиісті нормативтік құқықтық акт Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, Бірыңғай байланыс орталығына және көрсетілетін қызметті берушіге осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жолдайды.

Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушысының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы Мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

10. Бір жеке немесе заңды тұлғалардың тауарларынан (қызметтерінен) басқа жеке және заңды тұлғалардың біртектес тауарларынан (қызметтерінен) айыруға арналған ( арналған) туындыларға құқықтар туралы мәліметтер Тізілімге енгізілмейді.

11. Тиісті туындының данасы және (немесе) оның сипаттамасы автордың немесе құқық иеленушінің келісімімен, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға ұсынылады.

12. Тізілімге мәліметтер осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша автордың өтініші алынған күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күні ішінде енгізіледі.

13. Тізілімге енгізілген мәліметтер негізінде осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тізілімге мәліметтер енгізілгені туралы куәлік (бұдан әрі – куәлік) 1 ( бір) жұмыс күні ішінде беріледі.

Куәлік мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

14. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетуден мынадай негіздер бойынша бас тартады:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін , "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы.

Тізілімге мәліметтер енгізуден бас тарту туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға 1 (бір) жұмыс күні ішінде жіберіледі.

15. Тізілімде енгізілген мәліметтердің тиесілігін, сипатын немесе мазмұнын өзгертпейтін техникалық сипаттағы қателер өтініш берушінің өтінішін алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде түзетілуі мүмкін.

Техникалық сипаттағы қателерді түзетуге байланысты Тізілімге өзгерістер енгізуді көрсетілетін қызметті берушіге мәліметтерге өзгерістер енгізу туралы автордың осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішін, құқық иеленушінің осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішін немесе заңды күшіне енген сот шешімін көрсетілетін қызметті беруші алған күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

16. Тізілімнен алынған мәліметтердің күшін жою автордың (авторлардың) немесе құқық иеленушінің өтініші бойынша, сондай-ақ соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде жүргізіледі

## 3-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

17. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына уәкілетті органның www.adilet.gov.kz және қызмет көрсетушінің www.qazpatent.kz интернет-ресурстарында, веб-порталдағы "жеке кабинет" арқылы электрондық форматта, сондай-ақ пошта арқылы жазбаша түрде не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беру жолымен жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін көрсетіп, оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) шағымды қабылдауды растау болып табылады. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Шағым шешімі, әрекеті (әрекетсіздігі) шағымданылып отырған көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) оның лауазымды адамына беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағымы Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер

туралы" Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағым тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

Шешімі, әрекеті (әрекетсіздігі) шағымданылып отырған көрсетілетін қызметті беруші лауазымды адам шағым түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте, шешімі, әрекеті (әрекетсіздігі) шағымданылып отырған көрсетілетін қызметті беруші немесе лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім қабылдаса не өзге әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға жібермейді.

18. Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа шағыммен жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі.

Авторлық құқықпен қорғалатын
объектілерге құқықтардың
мемлекеттік тізіліміне
мәліметтерді және олардың
өзгерістерін енгізу қағидаларына
1-қосымша
Нысан
Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігінің Зияткерлік
меншік құқығы комитетінің
"Ұлттық зияткерлік меншік
институты" шаруашылық
жүргізу құқығындағы
республикалық мемлекеттік
кәсіпорнына

___________________________
мекенжайы: ________________
телефон: ___________________

**Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы өтініш**

Мен (Біз) ____________________________________________________________
(автор (лар) дың тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе))
жеке сәйкестендіру нөмірі _______________________________________________
жасаған _____________________________________________________________
(объектінің жасалған күні, айы, жылы)
_____________________________________________________________________
деп аталатын жарияланбаған ______________________________________________

(авторлық құқық объектісінің түрі)

жалғыз авторы (авторлары) болып табылатынымды (табылатынымызды) растаймын (растаймыз) және мәліметтерді Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне енгізуді өтінемін (өтінеміз).

Мәліметтердің Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне енгізу фактісінің заңды мағынасы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорында маған (бізге) түсіндірілді.

20____жылы "____"__________ ______________________ (автор(лар)дың қолы)

Мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы заңымен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

20 __ жылғы "___" __________

____________________________

(автордың (авторлардың) қолы)

Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді және олардың өзгерістерін енгізу қағидаларына 2-қосымша

Нысан

